

ӘОЖ 81'35; 81'26; МҒТАР 16.21.31
<https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.07>

А.К. СӘДІБЕКОВ 

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы,
Нью-Йорк Киноакадемиясының тағлымдамадан өтушісі
(Қазақстан, Түркістан қ./АҚШ, Нью-Йорк қ.),
e-mails: askat.sadibekov@ayu.edu.kz; as.sadibekov@student.nyfa.edu*

ОРХОН ӘЛІПБИІ ГРАФЕМАЛАРЫН ДЫБЫСТАУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ НҰСҚАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Орхон әліпбиін студенттерге үйрету барысында графемаларды дыбыстаудың оңтайлы нұсқасы ұсынылады. XIX ғасырдың соңында ұлы түркітанушы ғалым В.Томсеннің бірнеше ғасырдан бері құпия болып келген сына жазудың құпиясын ашып, оның кілтін әлемге жариялады. Осы көне түрік рунасының кілті саналып келген В.Томсеннің Орхон жазуының әліпбиі күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Вилгельм Томсеннің жаңалығынан соң Орхон әліпбиін және жазуын зерттеушілер қатары өсті. Бүгінге дейін В. Радлов, С.У. Ремезов, П.М. Мелиоранский, В. Бартольд, А.Н. Бернштам, С.Е. Малов, С.Е. Киселев, И.А. Батманов, Х.Н. Оркун, В.Банг, В.Л. Котвич, Г.И. Рамстед және т.б. әлемнің атақты ғалымдарының есімі аталып келеді. Ал, еліміздің ғалымдарынан алғашқылардың бірі болып көне түрік тілін зерттеген Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, М. Жолдасбеков, А. Аманжолов, Ә. Қайдар, С. Хасанова және т.б. есімін атауға болады. Қазіргі таңда бұл саланы Қ. Сартқожаұлы, Қ. Салғараұлы, Б. Орынбай, Н. Базылхан, М. Ескеева, А. Салқынбай, А.К. Қайыржанов, Г. Сағидолла сынды және т.б. ғалымдар терең зерттеп жүр. Орхон жазуының кілтін тапқан В. Томсен Орхон әліпбиі 38 таңбадан құралатынын жариялап, Түркі әлемі үшін Ұлы жаңалық ашты. В. Радлов және т.б. еуропалық ғалымдар, сонымен қатар отандық Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, С. Хасанова және т.б. білім адамдары ғалым В. Томсеннің әліпбиі құрылымымен түрлі оқу құралдары мен оқулықтар жазып қалдырды. Қазіргі таңда ЖОО-ның филолог студенттері Орхон жазуы әліпбиін үйретуде таңбаларды дыбыстаудың алғашқы нұсқасын (В.Томсен, 1893) қолданады. Графемаларды дыбыстаудың біз ұсынатын оңтайлы нұсқасы, В.Томсен құрған әліпбиді филолог студенттердің оңай үйренуіне мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: орхон жазуының әліпбиі, графема, әліпби, көне түрік жазуы, фонема, таңба.

A.K. Sadibekov

*Senior Lecturer of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Trainee of the New York Film Academy
(Kazakhstan, Turkistan/USA, New York)
e-mails: askat.sadibekov@ayu.edu.kz; as.sadibekov@student.nyfa.edu*

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Сәдібеков А.К. Орхон әліпбиі графемаларын дыбыстаудың оңтайлы нұсқасы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №2 (128). – Б. 79–100. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.07>

***Cite us correctly:**

Sadibekov A.K. Orhon alipbii grafemalaryn dybystaudyn ontaily nusqasy [The Optimal Variant of the Sound of Graphemes of the Orkhon Alphabet] // *Iasauii universitetinin habarshysy*. – 2023. – №2(128). – B. 79–100. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.07>

The Optimal Variant of the Sound of Graphemes of the Orkhon Alphabet

Abstract. This article suggests the optimal variant of the sound of graphemes when teaching students the Orkhon alphabet. At the end of the 19th century, the great Turkologist V. Thomsen discovered the secret of cuneiform, which had been a mystery for several centuries, and announced its key to the world. The alphabet of the Orkhon script by V. Thomsen, which was considered the key to this Old Turkic Rune, has not lost its meaning until now. After the discovery of Vilhelm Thomsen, the number of researchers of the Orkhon alphabet and writing grew. V. Radlov, S.U. Remezov, P.M. Melioransky, V. Bartold, A.N. Bernstam, S.E. Malov, S.E. Kiselyov, I.A. Batmanov, H.N. Orkun, V. Bang, V.L. Kotvich, G.I. Ramsted, etc. they are named after famous scientists of the world. Among the scientists of the country are G. Aidarov, A. Kuryshzhanov, M. Tomanov, M. Zholdasbekov, A. Amanzholov, A. Kaidar, S. Khasanov and others who studied the Old Turkic language. Currently, this area is deeply studied by such scientists as K. Sartkozhauly, K. Salgarauly, B. Orynbay, N. Bazykhan, M. Eskeeva, A. Salkynbay, A.K. Kairzhanov, G. Sagidolla, etc. Having found the key to the Orkhon script, V. Tomsen published the Orkhon alphabet of 38 tamgas and made a great discovery for the Turkic world. European scientists V. Thomsen, V. Radlov, etc., as well as domestic people of education G. Aidarov, A. Kuryshzhanov, M. Tomanov, S. Khasanova, etc. wrote educational manuals and books with the alphabetic structure of the scientist V. Thomsen. Currently, university philology students use the first variant of the sound of tamgas (V. Tomsen, 1893) when teaching the Orkhon alphabet. The optimal variant of grapheme sounding proposed by us, the alphabet created by V. Thomsen, makes it easy for philology students to learn.

Keywords: alphabet of the Orkhon script, grapheme, alphabet, Old Turkic script, phoneme, tamga.

А.К. Садібеков

*старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета
имени Ходжи Ахмеда Ясави, стажер Нью-Йоркской Киноакадемии
(Казахстан, г. Туркестан/США, г. Нью-Йорк),
e-mails: askat.sadibekov@ayu.edu.kz; as.sadibekov@student.nyfa.edu*

Оптимальный вариант озвучивания графем орхонского алфавита

Аннотация. В данной статье предлагается оптимальный вариант озвучивания графем при обучении студентов Орхонскому алфавиту. В конце XIX века великий тюрколог В. Томсен открыл секрет клинописи, которая была загадкой на протяжении нескольких веков, и объявил миру ее ключ. Алфавит Орхонской письменности В. Томсена, считавшийся ключом к этой древнетюркской Руне, до сих пор не утратил своего значения. После открытия Вильгельма Томсена число исследователей Орхонского алфавита и письма выросло. Можно назвать имена известных ученых мира как В. Радлов, С.У. Ремезов, П.М. Мелиоранский, В. Бартольд, А.Н. Бернштам, С.Е. Малов, С.Е. Киселев, И.А. Батманов, Х.Н. Оркун, В. Банг, В.Л. Котвич, Г.И. Рамстед и др. Среди отечественных ученых можно назвать Г. Айдарова, А. Курышжанова, М. Томанова, М. Жолдасбекова, А. Аманжолова, А. Кайдара, С. Хасанову и др., изучавших древнетюркский язык. В настоящее время данная область глубоко изучается такими учеными, как К. Сарткожаулы, К. Салгараулы, Б. Орынбай, Н. Базылхан, М. Ескеева, А. Салкынбай, А.К. Каиржанов, Г. Сагидолла и др. Найдя ключ к орхонскому письму, В. Томсен опубликовал Орхонский алфавит из 38 символов и сделал великое открытие для тюркского мира. Европейские ученые В. Радлов и др., а также отечественные ученые Г. Айдаров, А. Курышжанов, М. Томанов, С. Хасанова и др. написали различные учебные пособия и учебники на основе алфавитной структуры ученого В. Томсена. В настоящее время студенты-филологи вузов используют первый

вариант звучания символов (В. Томсен, 1893) при обучении Орхонскому алфавиту письма. Предлагаемый нами оптимальный вариант озвучивания графем позволяет студентам-филологам легко учить алфавит, созданный В. Томсеном.

Ключевые слова: алфавит орхонской письменности, графема, алфавит, древнетюркская письменность, фонема, тамга.

Кіріспе

Көне түрік жазуының құрылымы мен шығу тегі жайында бүгінгі күнге дейін түрлі пікірлер бар. 300 жылдан бері ғалымдардың болжамдары мен пікірлері негізінде әртүрлі зерттеу алаңдары пайда болды. Қазіргі таңда ежелгі түріктердің қолданған жазуының шығу тегіне орай түрлі гипотезалар бар.

Орхон жазуының хронологиясы төңірегінде көптеген талас тудыратын пікірқайшылықтар кездеседі. Алғашқы кезеңде зерттеу жүргізген ғалымдар тобы бұл жазудың қолданысқа енуін б.д. VII–VIII ғасырларына жатқызады. Алайда, XX ғасырда табылған жаңа жәдігрелердің хронологиясына сүйенген ғалымдар бұл жазудың тарихы тым тереңде екендігін айтып, таңбалардың шығу кезеңін б.д.д. IV–I мыңжылдықтан бастауды ұсынады. Қалай болған күнде де байырғы түріктердің бітік жазуының тарихы мен генезисі турасында нақты бір байлам жасала қойған жоқ.

Ежелгі түркілер мекендеген территорияларда тасқа қашалған суреттер, сазбалшықтарға сызылған таңбалар, тастақтаға кертілген таңбалы жазулар бабатүріктердің өркениетті қоғам құрғанының белгісі. Ғылымда тау-тастарға қашалған жазуды «Суретжазу» деп атайды. Бұл суреттер ежелгі адамдардың қарым-қатынас құралы болды. Адам өзінің көрген-білгенін, басынан кешкен оқиғаларын немесе сезіміне әсер еткен заттар мен құбылыстарды, сондай-ақ шаруашылық есеп, мал, адам санағын тау, тас, ағаш, еңбек, тұрмыс құралдарына қашап, кертіп салды. Бұл – жазу тарихын зерттеушілердің көбі жазу түріне жатқызбайтын пиктографиялық, «суретжазу» еді. Ғалымдар оны көбіне өнер, магия тарихына апарады. Д. Дирингер: «Полеолит дәуіріндегі суреттер біреуге бірдеме хабарлау мақсатынан тумаған сияқты, олар тек өз сезімдерін сыртқа шығару үшін ғана керек болды» - деген. Жазу типтері адамзат сөйлеуінің сатыларына сәйкес пайда болып отырады. Ең алғашқы жазулардың сурет, идеограмма, логограмма болған себебі – тілдің сөйлем мүшелеріне бөлінбей, синкретті түрде қолданылуынан болды. «Дыбысжазу», «буынжазу» сөздің дыбыстық элементтерге бөлінгенінен бастап шықты [1, 15–16-бб.] деген пікір білдіреді.

Ежелгі суретжазу Америка үндістері мен Қиыр солтүстік халықтарында, ертедегі Қытай, Финики, Крит, Испания, Шумер, Оңтүстік Франция, Египет, Месопотамия, Ацтек, Пасха, Гватемалла аралдарында пайда болды деген болжам бар. Ал, Қазақстан территориясында Алматы облысы Таңбалы сай (б.д.д. VI ғ.), Талдықорған облысы, Ақсу, Қапал жерінен, Дауылбай тауы, Теректі сайы, Алакөл, Талас ойпатынан, Қарағанды облысы, Қаратаудан, Семей, Дегерес, Балқаш, Ұлытаудан табылған [1, 17-б.]. Америка үндістерінің түркітектес деген пікір мен олардың ежелде аң аулап жүріп Америка құрлығына өтіп кеткен деген болжамдарды ескерсек, Америкада кездесетін үндістердің жазуының тегі ежелгі түріктермен сабақтасады. Антропология және лингвистика саласы ғалымдарының үндістер мен бүгінгі түркі халықтары арасындағы түрлі ұқсастықтарды алға тарта отырып жариялаған ғылыми еңбектер көптеп жазылуда.

Жер жүзіндегі жазу өркениетінің бастауы қалай болғанда да тау-тасқа, ағашқа және түрлі бұйымдарға қашалып жазылған суреттерден бастау алады деп топшылаймыз. Жазу түрлерінің даму сатылары бойынша, буын жазудан кейін тарихқа келген жазу бір дыбысқа бір таңба сәйкескен «дыбысжазу» деп аталды. Оны кейде әріп-дыбысжазу деп те атайды [1, 19-б.] Бүгінгі біздің қолданып жүрген кириллица мен латын әліпбиі бір таңба бір дыбыс беретін дыбыс жазу болады. Дыбысжазудың екі түрі бар: консонантты және вокалды. Мұның

біріншісі «консонантты жазу». Бұл таза консонантты (египет, батыс семит жазуы) және жартылай консонантты (жол үсті, асты дауысты дыбыс белгілері бар) болып бөлінеді. Консонантты жазу б.д.д. II мыңжылдыққа жатса, вокалды жазу б.д.д. I мыңжылдыққа тән.

Дауысты дыбыстарды белгілеуіне қарай алфавиттер үшке бөлінеді: Олардың I түрі – грек, латын алфавиті (дауыстылар арнайы таңбамен белгіленді). II түрі – арамей, еврей, араб әліпбиі (дауыстылар диакритикалық таңбамен беріледі). III түрі – үнді әліпбиі (дауыстылар диакритикалық белгілермен немесе таңбалардың ішкі модификацияларымен беріледі) [1, 19-б.].

Біздің дәуіріміздің V–VII ғасырларына жататын Орхон-Енисей жазбаларының әліпбиіндегі (1-кесте) 38 графеманың 4-і ғана дауысты фонеманы, ал 34-і дауыссыз фонеманы және үнді қатаң тіркесін таңбалайды. Әліпбиде дауысты фонеманың 4 инвариантымен тілдегі 9 вариантын кейде 8 («**А**» – а-е-ә, «**Г**» – ы-і, «**Д**» – о-у, «**Н**» – ө-ү), дауыссыздардың 18 жуан-жіңішке таңбалары арқылы 11 фонеманы («**Б**» – б, «**Д**» – д, «**Г**» – ғ, г, «**И**» – й, и, «**Л**» – л, «**Н**» – н, «**Р**» – р, «**С**» – с, «**Т**» – т) белгілейді. Мына 8 таңба жеке дауыссыздар («**Ч**» – ч, «**М**» – м, «**П**» – п, «**Ш**» – ш, «**З**» – з, «**Ц**» – ц, «**К**» – к, «**Қ**» – қ), сонымен қатар 8 дыбыстар тіркесі бар («**М**» – лт/лд, «**Д**» – ок/уқ, қо/қу, «**У**» – ич/чи/ч, «**Д**» – ық/қы/қ, «**Н**» – өк/үк/кө/кү/к», «**У**» – нт/нд, «**З**» – нч, «**Э**» – ны/ни).

1-кесте – Көне Түрік әліпбиі [21]

Қолдануы		Нышандар	Транслитерация және транскрипция			
дыбыстылар		А	а, е	/a/, /e/		
		Г	ı, i	/w/, /i/		
		Д	о, u	/u/, /o/		
		Н	ö, ü	/ø/, /y/		
дыбыссыздар	тіркесуі	Б Д	B ¹	/b/	B ²	/b/
		Ж Х	D ¹	/d/	D ²	/d/
		Ғ Г	G ¹	/ɣ/	G ²	/g/
		Л У	L ¹	/l/	L ²	/l/
		С Н	N ¹	/n/	N ²	/n/
		Ч У	R ¹	/r/	R ²	/r/
		С І	S ¹	/s/	S ²	/s/
		Т Н	T ¹	/t/	T ²	/t/
		Д Ғ	Y ¹	/dʒ/	Y ²	/dʒ/
		тек ⁽¹⁾ – Q тек ⁽²⁾ – K	Н У	Q	/q/	K
	барлық дыбыстылармен	А	-Ç	/ʃ/		
М		-M	/m/			
П		-P	/p/			

			Ұ	-Ş	/ʃ/
--	--	--	---	----	-----

1-кестенің жалғасы

			Ч	-Z	/z/		
			Ү	-NG	/ŋ/		
тіркелімдер	+ дыбысты		Ү	ІҢ, ҢІ, Ң	/iŋ/, /ŋi/, /ŋ/		
			◀	IQ, QI, Q	/uq/, /qu/, /q/		
		↓	OQ, UQ, QO, QU, Q	/oq/, /uq/, /qo/, /qu/, /q/	Ң	ÖK, ÜK, KÖ, KÜ, K	/øk/, /yk/, /kø/, /ky/, /k/
			З	-NÇ	/ntʃ/		
	+ дыбыссыз		Э	-NY	/ndʒ/		
			М	-LT	/lt/, /ld/		
			Ө	-NT	/nt/, /nd/		
		сөзбөлу нышаны		:	жоқ		
(-) – тек сөз аяғында							

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында экспериментті-фонетикалық, логикалық-теориялық зерттеу әдістері қолданылды. Қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктері ескеріле отырып, Орхон жазуы әліпбиін дыбыстаудың жеңіл әдісі талданды. Зерттеу барысында орыс, қазақ, өзбек, түрік ғалымдары ұсынған әліпбиілер салыстырылды.

Талдау мен нәтижелер

Көне түрік жазуын филология саласында оқитын студенттерге пән ретінде оқыту елімізде ХХ ғасырда қолға алынды. Осы кезеңде қазақ және орыс тілдерінде көптеген оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар, оқу құралдары әзірленді. Пәнді оқыту бойынша қазақ тілінде грамматикалық еңбектер дайындауда Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, А. Аманжолов, Ә. Хасанова және т.б. ғалым-ұстаздардың есімін ерекше атауға болады. ХХ ғасырдың екінші жартысында шығарылған еңбектер күні бүгінге дейін өз құнын жойған жоқ. Іргелі еңбектерді атап айтар болсақ, А.С. Аманжолов «Глагольные управления в языке древнетюркских памятников» (1968), Ә. Құрышжанов, Ә. Томанов, «Орхон-Енисей жазуы ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері» (1964), Ғ. Айдаров «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1986), Ғ. Мұсабаев «Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан», Ғ. Айдаров «Күлтегін ескерткіші» (1995), А. Аманжолов «Түркі филологиясы және жазу тарихы» (1996) және т.б. бар. Ал, 2000 жылдардан бері қарай А. Аманжоловтың «История и теория древнетюркского письма» (2003), «Памятники древнетюркской письменности и их отношение современным тюркским языкам» (2001), Қ. Сартқожаұлы «Орхон мұралары» (2003), М.Қ. Ескеева «Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі» (2007), М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» (2005), Ә. Құрышжанов «Мойын-Чур ескерткіші» (1998), Б. Орынбай

«Күлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері» (2005), Т. Еңсегенұлы «Көне түркі руна жазба поэзиясы» (2014), Ж. Түймебаев, М. Ескеева «Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі» (2017) сынды және тағы басқа ғылыми туындылар басылды. Бұл тарихи-грамматикалық еңбектер бүгінгі таңда қолданыстағы бар дүниелер. Алдағы уақытта осы іспеттес құнды дүниелер жазылуы тиіс.

Мақаламыздың өзегі болып отырған Орхон әліпбиі таңбаларын оңтайлы дыбыстау төңірегіне ойыссақ. Ғалым В.Томсен құрып берген әліпби негізінде жоғарыда атағанмыздай 4 таңба «**ᠰ** а-е-ә, **ᠮ** о-у, **ᠨ** ө-ү, **ᠮ** ы-і» 8 немесе 9 дауысты фонемаларды береді. Себебі, бұл таңба фонемаларына қатысты таласты пікірлер бар. Орхон әліпбиіндегі дауысты «**ᠰ**» таңбасын «а, ә, е» дыбыстарын береді десе, екінші бір тарап аталған фонеманың тек «а, е» дыбыстарына ғана тән дейді. Профессор А. Аманжолов көне түркі тілінде «**ᠰ**» графемасымен <a>, <e> фонемасы ғана белгіленді десе, Ғ. Айдаров, С. Хасановалар <ә> фонемасы да таңбаланды дейді [1, 154-б.] Мұнан өзге 20 дауысты және дауыссыз жіңішке дыбыстардың таңбалары бар (2-кесте).

2-кесте – Көне Түрік әліпбиінің дауыссыз дыбыстары және таңбасы

Жуан дауыссыз дыбыстар		Жіңішке дауыссыз дыбыстар	
Орхон таңбасы	Транскрипті	Орхон таңбасы	Транскрипті
ᠰ:	b ¹	ᠱ:	b ²
ᠮ:	d ¹	ᠬ:	d ²
ᠮ:	g ¹	ᠮ:	g ²
ᠮ:	l ¹	ᠮ:	l ²
ᠮ:	n ¹	ᠮ:	n ²
ᠮ:	r ¹	ᠮ:	r ²
ᠮ:	s ¹	ᠮ:	s ²
ᠮ:	t ¹	ᠮ:	t ²
ᠮ:	y ¹	ᠮ:	y ²

Орхон әліпбиінде жіңішке дыбыстардың екі түрге дауысты және дауыссыз болып бөлінуін ғалымдар әртүрлі топшылайды. Біздің ойымызша, таңбаларды тасқа қашап жазу қиындықтарына орай осындай форманы оңтайлы деп тапқан болуы мүмкін. Себебі, ежелгі түркілердің тілінде және бүгінгі түркі халықтарында дауысты дыбыстар сөз құрамында өте көп қолданылады. Осы себепті жіңішке фонемаларды екі графемамен таңбалау арқылы, әрі уақытты үнемдеуге, сондай-ақ тастақталар мен ұстындарға көбірек мәтін қашауға мүмкіндік береді деп санаған болуы әбден мүмкін. Бұл туралы пікір білдірген ғалымдардың бірі профессор Б. Сағындықұлы көне түркі тілдеріндегі алғашқы дауысты фонема ретінде «а» графемасы туралы айта келіп: «Жиі дыбысталатын фонеманың таңбасын үнемдеу арқылы жазу экономиясы жасалған дейміз. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздің алдынан түсірілген дауыстыны қателесіп, қалпына келтіреміз дейтін қауіптің болмайтын себебі түркі тілінің дыбыстық ерекшелігін, лексикасын білуге байланысты. Айталық, *брзун* (*барзун*) – *барсын*, *мңа* (*маңа*) – *маган*, *мн* (*мен*) – *мен* сөздері «түсірілген» «а, е» әріптерінен басталмайтынын тілді тұтынушы да, жазуды дыбыстық тілге кодтаушы да білуі тиіс» [1, 154-б.] деп ойын топшылайды. Демек, ежелгі түріктер дауысты дыбыстардың түсіп қалуын есептей отырып, сөз бен сөйлем контекстінен түсірілген дауысты дыбыстарды жіңішкелік белгісі болып табылатын таңбалар арқылы айырып оқып отырған.

Орхон алфавитінің келесі дауыссыз дыбыстары 8 таңбадан құралады (3-кесте). Бұл фонемалар дауысты дыбыстардың жуан не жіңішкелігіне бағынбайды. Таңбалар жеке дара дауыссыз дыбыстар ретінде сөздің құрамында қолданылады. Қ. Күдерина (2016) «з», «м»,

«ң», «п», «ч», «ш» дыбыстарының бірімәнді таңбамен берілуін белгілі ғалым А.М. Щербактың «Сравнительная фонетика тюркских языков» (1970) аталатын еңбегіне сүйене отырып, бұл дыбыстарды кеш пайда болған туынды дыбыс болуымен байланыстырған [16, 26-б.].

3-кесте – Көне Түрік әліпбиінің жеке дауыссыз дыбыстары және таңбасы

Жеке дауыссыз дыбыстар	
Орхон таңбасы	Транскрипті
λ:	ç
»:	m
1:	p
Ү:	ş
Ч:	z
↓:	ng
н:	q
ÿ:	k

Байырғы түріктер қолданған әліпбидің құрамында қос дыбысты беретін 9 графема бар (4-кесте). Бұл таңбалардың кейбірі буынның міндетін атқарса енді бірі сөзді білдіріп тұр. Таңбалардың бұл түріне байланысты зерттеуші ғалымдар арасында көптеген пікірталастар орын алды. Бұл туралы Э. Умаров белгілі ғалым А.М. Щербактың пікірін алға тарта отырып былай деп жазады: «До настоящего времени ученые спорят о письме тюркской руники - алфавитное оно или слоговое. В. Томсен, дешифровщик рунических памятников, считал, что тюркская руника – буквенное письмо, по мнению О. Прицака, – слоговое, Д. Дирингер считает его смешанным, т.е. буквенным и слоговым. Наше исследование показывает, что точка зрения Д. Дирингера правильна. В рунических памятниках древнетюркский алфавит смешанный, т.е. и алфавитный, и слоговой» [7, 80-б.]. Көп ғалымдар талас тудырып, буынды жазу деп отырғандары «↓ – ок/уқ, қо/қу», «» – баш», «Ү – ич/чи/ч», «◀ – ык/қы/к», «𐰇 – өк/үк/кө/кү/к», «D – ай», «R – еб» таңбалары болатын. Мұндағы таңбалардың графикалық кескіні мен дыбысталуы кей кездері бір сөзді немесе буынды беретіні рас. Мәселен: «у» таңба жеке тұрса «ай» деп оқылады. Сұлбасы да жарты айды елестетеді. Мына таңба «R» жеке тұрғанда «еб» болып оқылады. «Еб» түрік сөзінде «Үй» мағынасын береді. Тиісінше таңбаның графикасы да шатыр мен киіз үйді көрсетіп тұр. Осы сықылды «↓» графемасы «ок», «уық» тәріздес келеді. Орхон әліпбиіне зер салып қарағанда ғалым Э. Умаровтың пікірімен келісіп, Д. Дирингердің тұжырымын қабылдауға тура келеді.

4-кесте – Көне Түрік әліпбиіндегі дыбыстар тіркесі және таңбасы

Дыбыстар тіркесі			
Орхон таңбасы	Транскрипті	Орхон таңбасы	Транскрипті
М:	lt/ld	ʒ:	nç
»:	baş	ḡ:	ny/ni
↓:	ok/uk ko/ku	◀:	ık/kı/ k
Ү:	iç/çi/ç	𐰇:	ök/ük/ kö/kü/k

☺:	nt/nd		
----	-------	--	--

В. Томсен Орхон жазуының алфавитіндегі жуан және жіңішке дауыссыз дыбыс таңбаларын ажырату үшін «⁻¹» және «⁻²» белгісін қойып берген болатын. Бұл туралы ұлы түркітанушы ғалым өзінің «Дешифровка орхонскихъ и енисейскихъ надписей (Переводъ съ французскаго: Dechiffrement des inscriptions de l'Orkhon et de l'enissei. Notice preliminaire par Vilh. Thomsen)» (1894) аталатын мақаласында былай деп жазған (ред. А.Сәдібеков, *Мәтін түпнұсқадан алынды, ескі кириллица алфавиті*). «Для перваго раза я здѣсь ограничусь сообщеніемъ найденнаго мною алфавита. Замѣчу еще, что звуки я передаю согласно съ системой, принятой г.Радловымъ въ его «Vergleichende Grammatik der nördlichen Türksprachen, I, Lpzg.» 1892 (напр. *u* = *ou* Франц.; *y* = смѣшанный гласный, почти равный польскому *y*; *j* = согласный *i* и пр.). Насчетъ гласныхъ ср. выше стр. 333 и сл.); какъ примѣръ опущенія гласныхъ я здѣсь приведу только очень употребительное сочетаніе *pl*, т. е. *alp* [*алп*] «храбрый» (высокій) и *alyp* [*алып*] «взявъ». При согласныхъ я ставлю ¹ при знакахъ, употребляющихся только съ гортанными гласными (*a*, *o*, *u* и большею частью *y*), и ² при знакахъ, употребляющихся только съ небными гласными (*ä*, *ö*, *ü*, *i*). Гласный *y* нѣсколько колеблется между обѣими этими группами и есть извѣстные согласные, особенно *j* и *s*, съ которыми при этомъ гласномъ предпочтительно ставятся знаки второй группы» (2, 3-суреттер) [13, 337-б.].

Tabelle der Vocalreihe u — a — i.

	u (y)	o	a	â a	ä	e	i
Brücke	u	o o ^a	a ^o	a	a ^o e ^a	e	i
Sievers	u ¹ u ²	o ¹ o ²		a	ä e ²	e ¹	i ² i ¹
Lepsius	u	o o		a	a _o e	e	i

2-сурет – Дауысты және дауыссыз жіңішке дыбыстарды белгілеудің В. Радлов жүйесі [15.XI]

Tabelle der combinirten Vocale.

	ü (y)	ö	ä	ý (ы)
Brücke	u ¹	o ^o o ^{ao}		
Sievers	ü ¹ ü ²	ö ¹ ö ²		
Lepsius	u	o o		

3-сурет – Дауысты және дауыссыз жіңішке дыбыстарды белгілеудің В. Радлов жүйесі [15.XII]

Ғалым мақаласында өзі ашқан Орхон алфавитін жариялайды (4-сурет). Бұл Түркологияның ең ұлы жаңалығы болды. Ғалымдар дәл осы ізбен бір ғасырдан астам уақыт Орхон ескерткіштерін зерттеп келеді. Өйткені 300 жылға жуық құпиясы ашылмаған

таңбаның кілтін В.Томсен ашып берді «[Для удобства читателей «Записокъ В.О.» я рядомъ съ латинскими ставлю между [] русскія буквы транскрипціи В.В.Радлова. В. Р.]» [13, 337-б.].

1. ∫ a, ä [a, ä]	20.) n ¹ [n]
2. Г y, i [ы, і]	21. Н n ³ [n]
3. У o, u [o, y]	22. М m [m]
4. Н ö, ü [ö, y̆]	23. Ч r ¹ [p]
5. Н q (k ¹) [k]	24. У r ² [p]
6. ∆ q передъ y [к передъ и послѣ ы]	25. Л l ¹ [л]
7. ↓ q (послѣ и передъ) o, u [k]	26. У l ³ [l]
8. У γ (g ¹) [ɣ]	27. Д j ¹ [j]
9. У k (k ²) [k]	28. У j ³ [j]
10. Н k послѣ (передъ) ö, ü [k]	29. Э -j (-i) ai [j, ai, oj]
11. С g (g ²) [r]	30. У s ¹ [c]
12. ∆ t ¹ [r]	31. Л s ² (ś?) [c, ш]
13. Н t ² [r]	32. Н z (-s) [з]
14. ∆ d ¹ [d]	33. У š [ш]
15. Х d ² [d]	34. Л č [ч]
16. Л p (-p) [п]	35. У (i)č [ч, іч]
17. Д b ¹ (p ¹ ?) [б]	36. У nd (nt) [нд]
18. Д б ³ (p ² ?) [б]	37. У nč [нч]
19. У η (ng) [ң]	38. М ld (lt) [лд, лд, лг, лг]

4-сурет – В. Томсен ұсынған Орхон жазуының алфавиті [13, 337-б.]

Әйгілі ашылым туралы атақты ғалым А. Бернштам өзінің «Социально-экономический строй Орхон-енисейских тюрок VI–VIII веков. Восточно-тюркский каганат и кыргызы» (1946) аталатын еңбегінде былай деп жазады: «15 декабря 1893 г. на заседании Датской королевской Академии наук и словесности В. Томсен представил свой опыт дешифровки рунических письмен, найденных на берегах Орхона и опубликованных в результате трудов экспедиций Г. Гейкеля и В.В. Радлова. Одновременно с В. Томсеном вел дешифровку и В.В. Радлов, который, получив сообщение Томсена об алфавите, немедленно перевел первый текст, посвященный Кюль-Тегину, и прочитал его на заседании русской Академии Наук 19 января 1894 г. В том же году он издал свой первый перевод, вышедший в первом издании всего в 50 экземплярах, а затем в том же 1894 г. снова издал перевод кюль-тегиновского и могиляновского текстов из Кошо-Цайдама [12, 18-б.].»

Әлем ғалымдары В. Томсен мен В. Радловтың XIX ғасырдың соңына таман түркология ғылымына енгізген жаңалығын қолдана отырып көптеген еңбектер жазды. Осы кезеңнен бастап «Көне түрік тілін оқыту», «Орхон-Енисей жазуларын оқыту» бойынша пәндер курс ретінде филология, түркология мамандықтарында оқытыла бастады. В. Томсен құрған алфавит негізінде түрлі әдістемелік құралдар мен оқулықтар бастырылды. Бұл кезеңдегі ең

бағалы туындылардың қатарын В. Радловтың «Alttürkische Studien» (1909), В. Томсеннің «Turcica. Etudes consermant L'interpretation des inscriptions turques de Mongolia et de la Siberia» (1916), «Древнетюркские надписи из Монголии» (1922), Г.И. Рамстедттің «Как был найден «Селенгинский камень» (1912), В.Л. Котвич пен А.Н. Самойловичтің «Надпись а Ихе Хушоту» (1928) және т.б. ғылыми еңбектері бастады. Кейін А.С. Аманжоловтың «Глагольные управление в языке древнетюркских памятников» (1968), С.Г. Кляшторныйдың «Древнетюркские рунические памятники» (1964), А.Н. Кононовтың «Грамматика – язык тюркских рунических памятников (VII–IX вв.)» (1980) және т.б. туындылар білімгерлерге ұсынылды.

Мақаламыздың басты мақсаты Орхон әліпбиі немесе Көне түрік жазуының алфавитіндегі таңбаларды қазақ тілінде дыбыстаудың жаңа оңтайлы нұсқасын ұсыну. 1893 жылдан бүгінге дейін 130 жыл уақыт өтіпті. Осы уақыт бедерінде Кеңес Өкіметі тұсында және Тәуелсіздік жылдар мерзімінде ежелгі түрік жазуының әліпбиін оқыту бойынша түрлі әдістемелер ұсынылуы мүмкін. Ғылыми диссертация тақырыбымыз бойынша іздену барысында біз де өз нұсқамызды ұсыну жөн деп білеміз. Көне түрік жазуын оқып-тану, үйрену барысында әліпбидегі дауыссыз таңбалардың жіңішке және жуан болып бөлінуін В. Томсен мен В. Радлов ұсынған «⁻¹» және «⁻²» әдісімен үйрену біраз қиынға түсті. Осы қиындықты жеңілдету барысында өзімізге оңтайлы әліпби әдістемесін жасауға тура келді. Мұндай тәжірибені түрік, өзбек ғалымдары қолданып жүр. Алдымен түрік ғалымдарының еңбектерін зерделеп көрсек.

Karakterler	Harfçevrimi	Yazaçevrimi	Karakterler	Harfçevrimi	Yazaçevrimi
𐰀	A	a, e	𐰁	iç	iç
𐰁	I	i, i	𐰂	ç	aç, eç, ç
𐰂	U	u, o	𐰃 (T 𐰃)	m	am, em, m
𐰃	Ü	ü, ö	𐰄	n̄y	an̄y, en̄y, n̄y
𐰄 (T 𐰄)	B	ab, b	𐰅	n̄g	an̄g, en̄g, n̄g
𐰅 𐰆 (T 𐰆)	b	eb, b	𐰆	p	ap, ep, p
𐰆	D	ad, d	𐰇	ş	aş, eş, ş
𐰇	d	ed, d	𐰈 (T 𐰈)	z	az, ez, z
𐰈 (T 𐰈)	G	ağ, ğ, g	𐰉	<u>LT</u>	alt, lt
𐰉	g	eğ, ğ, g	𐰊	<u>NÇ</u>	anç, enç, nç
𐰊	K	ak, k	𐰋 (T 𐰋)	<u>NT</u>	ant, ent, nt
𐰋 (T 𐰋)	k	ek, k	𐰌	aş	aş
𐰌	L	al, l	𐰍	baş	baş
𐰍	l	el, l			
𐰎	N	an, n			
𐰏	n	en, n			
𐰐	R	ar, r			
𐰑	r	er, r			
𐰒 (T 𐰒)	S	as, s, ş			
𐰓	s	es, s, ş			
𐰔 (T 𐰔)	T	at, t			
𐰕	t	et, t			
𐰖	Y	ay, y			
𐰗	y	ey, y			
𐰘	<u>OK</u>	ok, uk, ko, ku, k			
𐰙 (T 𐰙)	<u>ÖK</u>	ök, ük, kö, kü, k			
𐰚 (T 𐰚)	<u>İK</u>	ik, ki, k			

5-сурет – Ғалым Талат Текин ұсынған Орхон жазуларының әліпбиі [19, 31–32-бб.]

Түрколог ғалым Талат Текиннің бірнеше еңбегінде Орхон әліпбиін түрік тіліне ыңғайлап алған нұсқасын кездестірдік. Ғалым өзінің «A Grammar of Orkhon Turkic» (1968), «Orhon Yazıtları -Kül Tigin, Bilge Kağan, Tunyukuk» (1998) және т.б. еңбектерінде жуан дауыссыз дыбыстар алдына (a-), жіңішке дауыссыз дыбыстар алдына (e-) дыбыстарын қолданған (5-сурет). Т. Текин ұсынған әліпби 40 таңбадан құралады. Көне түрік жазуының ежелгі ескерткіштерінен зерттеуші ғалымдар анықтағандай, кейбір фонеманы беретін графемалардың бірнеше түрі кездеседі. Бұл графемалар кей кезде графикалық тұрғыдан ұқсас келіп жатса, кейде тіптен өзге штрихтармен таңбаланады. Әдетте, ғалымдар таңбалардың фонемалық қасиеттерін сөйлем мен сөздің контексі арқылы анықтап отырады. Ежелгі Енисей және Орхон ескерткіштерінің хронологиясына тән таңбаларда эволюциялық өзгерістердің болуы өздігінен түсінікті. Осы секілді кей кездерде ғалымдар жаңа графикалық таңбаларды енгізіп жататыны да бар. Т. Текин көпшілік қолданысында жоқ «аш/ағ» деген дыбыстар тіркесін өз әліпбиінде ұсынған. Ғалым Орхон жазуының 4 дауысты графемасымен 8 дауысты фонеманы берген. Дәл осы таңбалар кей ғалымдар зерттеуінде 9 дауысты дыбысты білдіреді.

Қазіргі таңда Түркияда «Orhon Türkçesi» және «Göktürkçe» атауымен көне түрік тілі мен жазуын оқытып келеді. Бұл жүйе бүкіл Түркия ЖОО-да міндетті пән ретінде жолға қойылған. Интернетте әртүрлі сайттар жұмыс жасап тұр. Көктүрік жазуын оқыту бойынша мектеп жасындағы балаларға және өз бетімен қызығушылық танытқан кісілерге арналған кітаптар мен электронды оқу материалдары самсап тұр. Барлық Орхон жазуын оқыту бойынша ақпараттар Талат Текин әліпбиі әдісімен ұғынықты ұсынылған (6-сурет).

İkili Ünsüzler				Tekli Ünsüzler				Ünlüler	
İnce		Kalın							
𐰇	eb	𐰆	ab	𐰇	aç	𐰇	ac	𐰇	a/e
𐰇	ed	𐰆	ad	𐰇	af	𐰇	ah	𐰇	é
𐰇	eg/eğ	𐰆	ag/ağ	𐰇	em	𐰇	ap	𐰇	ı/i
𐰇	ek	𐰆	ak	𐰇	aş	𐰇	ot	𐰇	u
𐰇	eı	𐰆	al	𐰇	añ	𐰇	any	𐰇	o
𐰇	en	𐰆	an	𐰇	eñ	𐰇	alt	𐰇	ü
𐰇	er	𐰆	ar	𐰇	iç	𐰇	ant	𐰇	ö
𐰇	es	𐰆	as	𐰇	ök	𐰇	az		
𐰇	et	𐰆	at	𐰇	ok	𐰇	ık		
𐰇	ev	𐰆	av	Türkiye Türkçesi İçin Çağdaş Türk Damgaları					
𐰇	ey	𐰆	ay						

6-сурет – Орхон әліпбиінің Түркия интернет сайттарында ұсынылған нұсқасы [20]

Кеңес өкіметінен бері жалғасып келе жатқан Көне түрік руникасы немесе Орхон-Енисей, Ежелгі түрік жазуы әліпбиінің түркітанушы ғалымдар еңбегіндегі бірнеше нұсқасына назарларыңызды аударамыз. Бұл алфавиттер әр жылдарда басылып шыққан орыс, қазақ тілдеріндегі кітаптардан алынды (7, 8-суреттер).

ДРЕВНЕТЮРКСКИЙ РУНИЧЕСКИЙ АЛФАВИТ

Начертание	Значение		Начертание	Значение	
	русск.	лат.		русск.	лат.
᠋᠋᠋᠋	а, ä	a, ä	᠋	ñ	ñ
᠋	б ¹	b ¹	᠋᠋᠋᠋᠋᠋	нт	nt
᠋᠋᠋	б ² , ä	b ² , ä	᠋	нч	nč
᠋᠋᠋᠋᠋᠋	б	γ	> >	о, у	o, u
᠋᠋	г	g	᠋᠋᠋	ö, ū	ö, ü
᠋᠋᠋᠋	д ¹	d ¹	᠋	п	p
᠋	д ²	d ²	᠋᠋	р ¹	r ¹
᠋᠋᠋᠋᠋᠋	з	z	᠋	р ²	r ²
᠋᠋	ы, і	y, i	᠋	с ¹	s ¹
᠋	ј ¹	j ¹ , ĭ	᠋	с ²	s ²
᠋	ј ²	j ² , ĭ	᠋᠋	т ¹	t ¹
᠋᠋᠋᠋᠋᠋᠋᠋᠋	к	q	᠋	т ²	t ²
᠋᠋᠋᠋᠋᠋᠋	к	k	᠋᠋	ч	č
᠋	л ¹	l ¹	᠋᠋᠋᠋᠋᠋᠋᠋᠋	ш	š
᠋	л ²	l ²	᠋᠋		
᠋	лт	lt			
᠋᠋	м	m			
᠋	н ¹	n ¹			
᠋᠋᠋᠋᠋᠋	н ²	n ²			
᠋᠋	ң	ñ			

7-сурет – С.Е. Малов кітабынан алынған руникалық алфавит [20, 17-б.]

Орхон-енисей жазба ескерткіштерінде қолданылған алфавит төмендегідей таңбалардан құралады

Орхон-енисей таңбалары	әріптік мәні	Орхон-енисей таңбалары	әріптік мәні
∩ 1 X	Аа, Ее	Н Н Н	Иь
∪ ∪ ∪ ∪ ∪	Бб	У У	НТ, НТ
⊗ ⊗ ⊗ ⊗ ⊗	Бь, Бь	Э Э	Иь
∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩	Ғғ	⊙ ⊙ ⊙ ⊙ ⊙	НТ, НТ
∩ ∩	Гг	З З З	НЧ, нч
∩ ∩ ∩ ∩ ∩	Дд	> > <	Оо, Уу
х	Дь, дь	М М М	Өө, Үү
∩ ∩ ∩ ∩ ∩	Зз	1	Пп
∩ ∩	Ыы, Іі	∩ ∩ ∩	Рр
∩ ∩	Ий	∩ ∩	Рь, рь
∩	Иь, йь	∩	Сс
∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩	Ққ	∩	Сь, сь
∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩	Кк	∩ ∩ ∩ ∩ ∩	Тт
∩	Лл	∩	ТЬ, ть
∩	Ль, ль	∩ ∩	Чч
∩	ЛТ, лт	∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩	Шш
∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩ ∩	Мм	∩ ∩	Баш
∩	Нн	∩ ∩	бөлу белгісі

8-сурет – Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов кітабынан алынған әліпби

[15, 79-б.]

Мақаламыздың өзегі болған «Орхон жазуларының әліпбиін» оқытудың жаңа методикасына байланысты ұсынысымызды сараптап көрейік. Қазақ тілінің табиғатын ескере отырып, графемаларды үйренушіге оңай сіңірудің шешімін іздестірдік. Бұл үшін өзімізге басты үлгі етіп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың әліпбиін таңдадық (9-сурет). Қазақ тілінің өзіне тән фонетикалық ерекшеліктерді екшей отырып, жасақталған әліпбидің өміршеңдігі ғылыми дәлелденген.

№	1912	1927	латынша	Кирилше	Айтылуы
1.	ا	ا	a	а	а
2.	آ	آ	ə	ә	ə
3.	ب	ب	b	б	бы/бі
4.	پ	پ	p	п	пы/пі
5.	ت	ت	t	т	ты/ті
6.	ج	ج	c	ж	жы/жі
7.	د	د	d	д	ды/ді
8.	ر	ر	r	р	ыр/ір
9.	ز	ز	z	з	ыз/із
10.	س	س	s	с	сы/сі
11.	ش, شچ	ش, ش	c, c	ш	шы/ші
12.	غ	غ	Q	ғ	ғы
13.	ق	ق	q	қ	қы
14.	ك	ك	k	к	кі
15.	گ	گ	g	г	гі
16.	ڭ	ڭ	n	ң	ын/ін
17.	ل	ل	l	л	ыл/іл
18.	م	م	m	м	мы/мі
19.	ن	ن	n	н	ны/ні
20.	و	و	o	о	о
21.	وٓ	وٓ	ö	ө	ө
22.	ۇ	ۇ	u	ү	ү
23.	ۇ, وٓ	ۇ, وٓ	ü, w	у, ұ	у, ұ
24.	ه	ه	e	е	е
25.	ى	ى	y	ы	ы
26.	ئى	ئى	j	і	і
27.	ي	ي	ï	и	й
28.	ى	ه	e	е	не
	ء	ء			дәйекше

9-сурет – Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің кестесі [22]

Ұлт ұстазы қазақ тілінің дыбыстау қасиеттері мен фонетикалық ерекшеліктерін ескере отырып, әр қаріптің айтылуына ерекше назар аударған. Қазіргі таңға дейін әрбір әріпті үйретуде осы нұсқамен жұмыс жасайды ұстаздар. Мәселен: «П» әрібінің айтылуы «пы/пі», «Ң» әріпін дыбыстау «ың/ің», «Ж» қарпін «жы/жі» деп алған. Әріпті үйренуші еске сақтаған уақытта осы жүйемен тез үйрене алады. А. Байтұрсынұлының әліпби жүйесі күні бүгінге дейін қолданыста жүр және өміршеңдігін көрсетіп келеді. Қазақ тілінің реформаторы, ұлт тілін жан-жақты зерттей отырып, өзінің әдістемелігін жазып шыққан. Бұл туралы А. Байтұрсынұлы былай жазыпты: «...Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін, орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен, үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан арылтуға, ...термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым» [23].

Демек кез-келген жаңа жазуды, өзге тілді үйрену үшін, оның графемасын, фонемасын игеру үшін жеңіл жолдарын қарастыру қажет. А. Байтұрсынұлының осы ұстанымы біздің идеямызды әрі қарай дамыта түсу үшін сеп болды. Қаріптерді дыбыстау жүйесін дұрыс, ұлттық фонетикалық нақышта құрудың маңыздылығы зор екендігіне тіл білімі зерттеушілері А. Байтұрсынұлы, Ә. Жүнісбеков, А. Салқынбай және т.б. пікірлерінен қаныға түстік.

Тақырып өзегінің негізі етіп қазақ тілінің дамуына зор үлес қосқан тіл жанашыры филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Жүнісбектің еңбектерін алдық. Себебі Ә. Жүнісбеков ұзақ жылдардан бері қазақ тіл білімінің фонетика саласымен, тіліміздегі дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесін, сингармонизм заңы мен орфографияны және т.б. кешенді түрде зерттеді. Бүкіл ғұмырын ұлт тілінің дамуына, Кеңес өкіметі тұсында қате жасалған тіл емлесі мен ережесін түзеуге арнаған ғалым. Өмірінің соңғы жылдарында ең өзекті мәселе – төл жазуымызды латын қарпіне көшіру ісімен шұғылданды. Өзінің зерттеулерінің нәтижесінде қазақ латын әліпбиіне «Ұлттық жоба» ұсынды. Мақаламызды жазу барысында ғалымның еңбектерін зерделедік. Қазақ тілінің ұлттық ерекшелігіне орай жазылған «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (Ә. Жүнісбеков, 2018) аталатын еңбегін Орхон жазуын, Көне түрік тілі әліпбиі графемаларын дыбыстаудың оңтайлы нұсқасын жасауда негізгі арқау етіп отырмыз.

Ә. Жүнісбеков жоғарыда аталған еңбегінде қазақ тіліндегі дыбыстардың әрбіріне жеке-жеке тоқталып талдайды. Ғалым қазақ тілі дыбыстарының жұмсалым ретін жүйелеп, арнайы кестемен дыбыстаудың әуезді құрақтарын кестемен береді. (10-сурет) Ә. Жүнісбеков (2018) «Қазақ тіліндегі үйлесім құрақтар. Артикуляциялық тұрғыдан өзара кірігіп айтылған дыбыс тіркестерін үйлесім құрақтар дейміз. Сонда қазақ сөзінің дыбыс құрылымының әліпби моделі өзіндік жүйе болып шығады» [24, 158-б.], - деп жазады.

а	ба	да	ға	жа	за	йа	қа	ла	ма	на	ңа	па	ра	са	та	уа	ша
ы	бы	ды	ғы	жы	зы	йы	қы	лы	мы	ны	ңы	пы	ры	сы	ты	-	шы
	б	д	ғ	ж	з	й	қ	л	м	н	ң	п	р	с	т	у	ш

ә	бә	дә	гә	жә	зә	йә	кә	лә	мә	нә	ңә	пә	рә	сә	тә	уә	шә
і	бі	ді	гі	жі	зі	йі	кі	лі	мі	ні	ңі	пі	рі	сі	ті	-	ші
е	бе	де	ге	же	зе	йе	ке	ле	ме	не	ңе	пе	ре	се	те	-	ше
	б	д	ғ	ж	з	й	к	л	м	н	ң	п	р	с	т	у	ш

10-сурет – Ә. Жүнісбеков кітабынан жуан және жіңішке езулік әуезді құрақтар

[24, 158-б.]

Ғалым Ә. Жүнісбеков, жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ латын әліпбиін дайындады. Түркі әліпбиінің негізінде түзілген қазақ латын әліпбиінің «Ұлттық жобасын» (11-сурет) ұсынды. Бұл жоба қазақ тілінің дыбысталу заңына лайықталып жасалған бірегей жоба болды. Біз өз кезегімізде Ә. Жүнісбеков әліпбиіндегі фонемалардың дыбысталу жүйесін үлгі етіп алып отырмыз.

№	кирилше	латынша	аталуы	№	кирилше	латынша	аталуы
1	А а	A a	а	15	Н н	N n	ны
2	Ә ә	Ә ә	ә	16	Ң ң	ᄀ ᄁ	ың
3	Б б	B b	бы	17	О о	O o	о
4	Ғ ғ	Ǵ ǵ	ғы	18	Ө ө	Ö ö	ө
5	Г г	G g	гі	19	П п	P p	пы
6	Д д	D d	ды	20	Р р	R r	ыр
7	Е е	E e	е	21	С с	S s	сы
8	Ж ж	J j	жы	22	Т т	T t	ты
9	З з	Z z	зы	23	У у	W w	ұу
10	Й й	Y y	ый	24	Ұ ұ	U u	ұ
11	Қ қ	Q q	қы	25	Ү ү	Ü ü	ү
12	К к	K k	кі	26	Ш ш	Ş ş	шы
13	Л л	L l	ыл	27	Ы ы	I i	ы
14	М м	M m	мы	28	І і	İ i	і

11-сурет – Ә. Жүнісбеков ұсынған түркі әліпбиінің негізінде түзілген қазақ латын әліпбиінің «Ұлттық жобасы» [24, 200-б.]

Жоғарыда атап өткеніміздей, Көне түрік тілінің әліпбиін үйрену барысында таңбалардың қазақ тілінің фонетикалық үйлесімінде дыбыстаудың маңыздылығын өз тәжірибемізден білдік. Жаңа методиканың тиімділігін нақтылау мақсатында филология білім беру бағдарламасының студенттеріне эксперименталды тәжірибеден бақыладық.

5-кесте – Орхон жазуы немесе Көне түрік тілі әліпбиінің оңтайлы нұсқасы

Орхон жазуы немесе Көне түрік тілі әліпбиі								
Дауыссыз дыбыстар					Дауысты дыбыстар			
Жуан			Жіңішке			↓:	a/ə/e	a/e
ᄌ:	бы	b ¹	ᄎ:	бі	b ²	ᄏ:	ы/i	ı/i
ᄐ:	ды	d ¹	ᄒ:	ді	d ²	ᄑ:	ө/ү	ö/ü
ᄔ:	ғы	g ¹	ᄖ:	гі	g ²	ᄓ:	о/у	o/u
ᄘ:	лы	l ¹	ᄚ:	лі	l ²	Жеке дауыссыздар		
ᄜ:	ны	n ¹	ᄞ:	ні	n ²			
ᄠ:	ыр	r ¹	ᄢ:	ір	r ²	ᄡ:	чы/чі	ç
ᄤ:	сы	s ¹	ᄦ:	сі	s ²	ᄣ:	мы/мі	m
ᄨ:	ты	t ¹	ᄬ:	ті	t ²	ᄠ:	пы/пі	p
ᄮ:	ый	y ¹	ᄰ:	ій	y ²	ᄥ:	шы/ші	ş
Дыбыстар тіркесі						ᄨ:	зы/зі	z
ᄮ:	лт/лд	lt/ld	ᄰ:	нч	nç	ᄨ:	ың/ің	ng

5-кестенің жалғасы

⚡:	баш	baş	Э:	ны/ни	ny/ni	л:	қы	q
↓:	оқ/уқ қо/қу	ok/uk ko/ku	◄:	ық/қы/ қ	ik/ki/ k	Ў:	кі	k
Ү:	ич/чи/ ч	iç/çi/ ç	Ғ:	өк/үк/ кө/кү/ к	ök/ük/ kö/kü/ k	:	Сөз арасын бөлу нышаны	
☺:	нт/нд	nt/nd				(⁰), (²)	Дыбыстардың жуан/жіңішке белгісі	

Нәтижесінде студенттер бұған дейінгі Ұлы ғалым В. Томсеннің «-¹» және «-²» нұсқасынан анағұрлым тез, әрі оңай игерді. В. Томсен мен В. Радлов әдістемесі, ежелгі ескерткіштердегі түпнұсқа жазуды зерттеуші ғалымдардың оқуы үшін жасалған нұсқаулық болуы мүмкін. Ал, әліпбиді оқыту барысында ғалым-ұстаздар әртүрлі методика ұстанып келеді. Біз де осы ұстаным негізінде «Орхон жазуының немесе Көне түрік тілінің әліпбиін дыбыстаудың оңтайлы нұсқасын» (5-кесте) ұсынып отырмыз.

Әліпбиді жүйелеу барысында Ә. Жүнісбеков негіздемесіне сүйендік. Сонымен қатар В. Томсен мен В. Радловтың дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке айырым белгілерін «-¹» және «-²» енгізуді міндетті деп таптық. Бұл белгілер әлемдік түркология ғылымында маңызды роль атқаратыны белгілі. Біз өз кезегімізде жуан және жіңішке дауыссыз дыбыстар таңбаларын дыбыстау барысында «-ы» және «-і» методикасын ұсынып отырмыз. Кестеде (4-кесте) көрсетілгендей, 39 таңба алынып отыр. Бұл графеманың 4-і ғана дауысты фонеманы, ал 35-і дауыссыз фонемамен дыбыстар тіркесін белгілейді. Әліпбиде дауысты 4 таңба қазақ тіліндегі 9 дыбысты («↓» – а-е-ә, «↑» – ы-і, «>» – о-ұ, «N» – ө-ү) беріп тұр. Дауыссыз дыбыстар болып табылатын 18 таңба жуан-жіңішкеке қарай дыбысталады. Жуан дауыссыз дыбыстардың дыбысталу үлгісі («S» – бы, «B» – ды, «f» – ғы, «D» – ый, «J» – лы, «J» – ны, «Ч» – ыр, «Y» – сы, «δ» – ты). Ал, жіңішке дауыссыз дыбыстарды («R» – бі, «X» – ді, «f» – гі, «P» – иі, «Y» – лі, «N» – ні, «T» – ір, «l» – сі, «h» – ті) айту ыңғайлы деп таптық. Келесі 6 таңба жеке дауыссыздар. Бұл таңбалар тіліміздегі жуан да, жіңішке де фонемамен бірге қолданыла береді. Осы себепті таңбаларды әрі жуан, әрі жіңішке фонемамен дыбыстауды жөн деп ойладық («λ» – чы/чі, «R» – мы/мі, «1» – пы/пі, «Y» – шы/ші, «Ч» – зы/зі, «l» – ың/ін). Жеке дауыссыздарға кіретін мына 2 таңба («л» - қы, «Y» - кі) тіліміздің ерекшелігіне орай жуан және жіңішке фонемалармен ғана бірге қойылатын графемалар. Сонымен қатар 8 дыбыстар тіркесі бар («M» – лт/лд, «↓» – оқ/уқ, қо/қу, «Y» – ич/чи/ч, «◄» – ық/қы/қ, «Ғ» – өк/үк/кө/кү/к, «☺» – нт/нд, «z» – нч, «Э» – ны/ни, «⚡» – баш.) Ғалым Ә. Жүнісбеков атап өткендей, («P/D» – и/й) дауыссыз дыбыстарының оқилуы өзгеше. Себебін ғалымның тұжырымымен түсіндіргіміз келеді: «Дауыссыз й [y] дыбысын жоғалтып жүргеніміздің тағы бір себебі «жалған естілім» болып табылады. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі – осы й [y]. Ендеше дыбыс атауына, өзге дыбыстардай бы, ды болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, ый/йй (йы/йі емес) түрінде айтылады» [24, 243-б.]

Таңбаларды үйрету барысында осы нұсқаны қолдану анағұрлым тиімді болатынына өз тәжірибемізден көз жеткізіп отырмыз. Қазақ ұлттық фонетикалық ерекшелігіне және ана тілі әліпбиіндегі дыбыстарды айту өзгешілігіне мән беріліп отыр. Графемаларды дыбыстау барысында оңтайлы нұсқаны қолдана отырып, Орхон жазуының әліпбиін филология білім беру бағдарламасында оқытын білімгерлерге үйрету жеңіл болады.

Көрші Өзбекстан ғалымдары мен ұстаздары Орхон әліпбиін оқытудың өздеріне тән нұсқасын өткен ғасырда ұсынған. Өзбек ғалымы Э.О. Умаровтың «Создании рунического

алфавита» (2013) аталатын мақаласынан алынған, Өзбекстан Республикасы ғалымдары Г. Абдурахмонова мен А. Рустамованың «Кадимги туркий тил» (Ташкент, 1982) аталатын еңбегінде жарияланған «Руна алфавитін» назарларыңызға ұсынғымыз келеді (12-сурет).

1	2	3	4	5
Ұ	ши	ш	ш	чаптаги шакли енисей ёднома-лариди учрайди
Д	ай	қалин й	й	й ²
Р	эй	ингичка й	й ²	чапдан биринчиси енисей ёднома-лариди учрайди
Н	ақ	қ	қ	қ ⁰
Х	уқ	оқ, уқ, қ қс, қу	қ	қ ⁰
Х	иқ	ық, қ	қ ^и	қ ^и
1	эк	к	к	к
6	vk	оқ, уқ, к қб, қу	қ ⁰	қ ⁰
А	ағ	ғ	ғ	ғ
Э	эг	назал й ёки нй	й	й
У	инги	қалин ва ингичка нг	(нг)	чапдан биринчиси енисей ёднома-лариди учрайди
У	анг	қалин нг	(нг ¹)	Енисей ёднома-лариди учрайди.
Ш	инти	назал т, д ёки нт, нд	нт	чаптаги иккитаси енисей ёднома-лариди учрайди.
И	инчи	назал ч ёки нч	нч	
У	илти	лт,лд	лт)	
У	арт	(а)рт	рт	баш, ча, (чө) деб хам ўқитганлар

Урхун харфлари	Помлари	Англалган товушлари	Трансли-терациясы	Позилар
1	2	3	4	5
↑ ↓	а	а,э	ъ	урхун ёднома-лари да йуқ
↑	и	ы,и	ь	
↑ ↓ >	Уку	оу	у	чапдан биринчис урхун ёднома-лари да йуқ
М Н	Уку	о,у	ү	чапдан биринчис урхун ёднома-лари да йуқ
Х Х Х Х	э	э	э	
1	пи	п	п	
6	аб	қалин б	б ¹	чапдан биринчис урхун ёднома-лари да йуқ
А А А А А	эб	ингичка б	б ²	чапдан биринчис урхун ёднома-лари да йуқ
Э Э Э Э Э	ми	м	м	
А А А А А	ат	қалин т	т ¹	
н н н	эт	ингичка т	т ²	чапдан биринчис урхун ёднома-лари да йуқ
Х В В	ад	қалин д	д ¹	чапдан биринчис урхун ёднома-лари да йуқ
Х	эд	ингичка д	д ²	
У У У У	ас	қалин с	с ¹	урин билан ш де хам ўқидиллар сарғатуви ж т ¹ вущини хам би. днради деган та: мин бор
1	эс	ингичка с	с ²	
У У У У	зи	з	з	
У У У У	ан	қалин н	н ¹	
У У У У	эн	ингичка н	н ²	
У У У У	ар	қалин р	р ¹	
У У У У	эр	ингичка р	р ²	
У У У У	ал	қалин л	л	
У У У У	эл	ингичка л	л ²	
У У У У	чи	ч	ч	
У У У У	ич	ич	ч ¹	

12-сурет – Г. Абдурахмонова, А. Рустамова кітабынан Руна алфавиті [5, 57-б.]

Өзбек ғалымдары Орхон әліпбиінде 42 таңбаны қарастырған. Дауысты 4 таңбаның өзбек тіліндегі айтылуы («**А**» – а, «**И**» – и, «**У**» – ұқу, «**Н**» – ұқу). Жуан дауыссыз дыбыстардың дыбысталу үлгісі («**АБ**» – аб, «**АД**» – ад, «**АҒ**» – ағ, «**АЙ**» – ай, «**АЛ**» – ал, «**АН**» – ан, «**АР**» – ар, «**АС**» – ас, «**АТ**» – ат). Ал, жіңішке дауыссыз дыбыстарды («**ӘБ**» – әб, «**ӘД**» – әд, «**ӘҒ**» – әғ, «**ӘЙ**» – әй, «**ӘЛ**» – әл, «**ӘН**» – ән, «**ӘР**» – әр, «**ӘС**» – әс, «**ӘТ**» – әт) оқуды ұсыныпты. Жеке дауыссыз дыбыстар («**ЧИ**» – чи, «**МИ**» – ми, «**ПИ**» – пи, «**ШИ**» – ши, «**ЗИ**» – зи, «**ИНГИ**» – инги, «**АҚ**» – ақ, «**ӘК**» – әк). Дыбыстар тіркесін («**М**» – илти, «**Д**» – ұқ, «**Ү**» – ич, «**ИҚ**» – иқ, «**ВК**» – вк, «**У**» – инти, «**З**» – инчи, «**Э**» – инйи, «**Арт**» – арт) айтуды ұсынған.

Қорытынды

Көне түрік жазуын оқыту барысында Орхон жазуының әліпбиін студенттерге оңай әрі ұғынықты түрде жаттап алуы үшін ұсынылып отырған біздің таңбаларды дыбыстаудың оңтайлы нұсқасы пайдалы болады деп сенеміз. Әрбір жазу мен тілді грамматикалық тұрғыдан тез игеруі үшін ғалым-педагогтар түрлі әдістерді қолданады. Мәселен, ағылшын, неміс ғалымдары өз әліпбилерін үйренушіге тез сіңіру үшін әндетіп жаттау үлгісін ұстанып келеді. Әрбір әріпті дыбыстай отырып, әндете жаттатады. Ән мен әріптерді дыбыстау үшін әріптердің орналасу ретін әннің ырғағына орай орналастырып қойған болуы мүмкін. Ғалымдардың методикасы күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Осы сияқты Орхон әліпбиінің тез, оңай жатталуы үшін таңбалардың оқылуын немесе дыбысталуын тілімізге ыңғайлағанымыз ұтымды болады деп ойладық. Бұл әліпбиді алдымен тәжірибе жүзінде өзімізге қолдандық. Нәтижелі болғандықтан, студенттерге де сынап көрдік. Таңбалардың жуан-жіңішкелігін айыру үшін бұған дейін қолданылып келген сандық белгілер арқылы айыру методикасынан анағұрлым нәтижелі болды. Бұл методиканың артықшылығы таңбаларды көзбен және құлақпан, дыбыстап жаттап алу уақытын бұрынғы әдістен екі есеге дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, таңбаларды жазу барысында да ілгерілеу бар.

Әліпбиді құру барысында бұған дейінгі көп түрколог ғалымдардың жинақтап ұсынған таңбалар жиынтығын қолдануды жөн деп санадық. 39 таңбадан жинақталған әліпби В. Томсен, В. Радлов, С. Малов, Т. Текин, Э. Умаров, А. Бернштам, Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов, Г. Абдурахмонова, А. Рустамова және т.б., ғалымдар ұсынған нұсқаларға негізделіп отыр. Қазақ тіліне ыңғайлап жасалған әліпбиімізде өзге ғалымдар 4 таңбадан 8 фонема шығарса, біз 9 дауысты дыбыс нұсқасын алып отырмыз. Бұл жүйеде Ғ. Айдаров пен С. Хасанованың «**А**» графемасы «а, ә, е» дауысты фонемасын береді деген тұжырымын негіз етіп алып отырмыз.

Мақаланы әзірлеу барысында Орхон таңбаларын жазу үшін 2023 жылғы 11 қаңтар күнгі №31715 1) Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлігі алынған автордың «Old Turkic Runic.Type» Шрифтi (23.01.2020) қолданылды. Сондай-ақ, 2023 жылғы «11» сәуір №34529 Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы куәлігі берілген автордың «Орхон жазуы немесе Көне түрік тілі әліпбиі» таңбаларды үйретуде графемаларды дыбыстаудың жаңа әдістемесі аталатын әліпбиі талданып, ұсынылып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Күдерина К.Б. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы: Оқу құралы. – Алматы: Елтаным, 2013. – 242 б.
2. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы: филол. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2008. – 318 б.

3. Лившиц В.А. О происхождении древнетюркской рунической письменности // Советская тюркология. – 1978. – №4. – С. 90–98.
4. Умаров Э.А. Дифтонги в орхонских памятниках // Проблемы востоковедения. – 2015. – №1 (67). – С. 57–59.
5. Умаров Э. О создании рунического алфавита // Проблемы востоковедения. – 2013. – №4 (62). – С. 52–55.
6. Умаров Э. Обозначение восьми гласных четырьмя рунами // Проблемы востоковедения. – 2016. – №3 (73). – С. 67–69.
7. Умаров Э. Тюркская руника: буквенное или слоговое письмо // Проблемы востоковедения. – 2017. – №4 (78). – С. 80–82.
8. Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері / Ред. А. Фазылжанова, Қ. Күдерінова. – Астана, 2018. – 30 б.
9. Кляшторный С.Г. К вопросу о происхождении древнетюркской рунической письменности. Письменные памятники и проблемы истории культуры народов востока // Тезисы докладов I годичной научной сессии ЛО ИНА. Март 1965 г.
10. Щербак А.М. Енисейские рунические надписи. К истории открытия и изучения. Тюркологический сборник 1970.– М.: Изд. «Наука». Главная редакция восточной литературы, 1970. – С. 111–134.
http://www.orientalstudies.ru/rus/images/pdf/journals/p_ts_1970_06_shcherbak.pdf (қаралған күні 15.10.2023)
11. Тенишев У.Р. В.В. Радлов – фонетист и грамматист. Тюркологический сборник 1971. М.: Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы, 1972. [Электронды ресурс]. URL: http://www.orientalstudies.ru/rus/images/pdf/journals/p_ts_1971_04_tenishev.pdf (қаралған күні 15.10.2023)
12. Бернштам А. Социально-экономический строй Орхоно-енисенских тюрков VI–VIII веков. Восточно-тюркский каганат и кыргызы. М.; Л.: Издательство академии наук СССР, 1946. – 193 с. [Электронды ресурс]. URL: http://www.orientalstudies.ru/rus/images/pdf/add1/TIVAN_45_1946_bernstam.pdf (қаралған күні 15.10.2023)
13. Томсенъ В. Дешифровка орхонскихъ и енисейскихъ надписей (Переводъ съ французскаго: Dechiffrement des inscriptions de l'Orkhon et de l'enissei. Notice preliminaire par Vilh. Thomsen.). Записки Восточнаго отдѣленія Императорскаго Русскаго археологическаго общества. Издаваемая подъ редакцьею управляющаго отдѣленіемъ Барона В.Р.Розена. ТОМЪ VIII. Выпуски III-IV. (Съ приложениемъ двухъ таблицъ). С.-Петербургъ. Типографія императорской академіи наукъ. Вас. Остр., 9 лин., № 12. 1894. [Электронды ресурс]. URL: http://www.orientalstudies.ru/rus/images/pdf/journals/ZVORAO_8_1893_1894_33_tomsen.pdf (қаралған күні 15.10.2023)
14. Radloff W. Vergleichende Grammatik der Nördlichen Türksprachen. Erster Theil. Phonetik Der Nördlichen Türksprachen. – Leipzig: T.O. Weigel's verlag, 1882. – 318 p. [Электронды ресурс]. URL: <https://menadoc.bibliothek.uni-halle.de/publicdomain/content/titleinfo/780488> (қаралған күні 15.10.2023)
15. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі: университет пен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 б.
16. Күдерінова Қ. Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы: монография. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 336 б.
17. İrfan Tiryaki. Türkiye Türkçesi İçin Çağdaş Türk Damgaları. [Электронды ресурс]. URL: <https://bilimdili.com/turkiye-turkcesi-icin-cagdas-turk-damgalari/> (қаралған күні 19.08.2023)
18. Talat Tekin. A Grammar of Orkhon Turkic. Published by Indiana University, Bloomington Mouton & Co., The Hague, The Netherlands. 1968 y. 419 p.
19. Talat Tekin. Orhon Yazıtları -Kül Tigin, Bilge Kağan, Tunyukuk. – Istanbul, 1998. – 128 s.
20. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. –М.; Л.: Изд. Академии наук СССР, 1951. – 451 с.

21. Көне түркі жазбалары. [Электронды ресурс]. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Көне_түркі_жазбалары (қаралған күні 15.10.2023)
22. Имаханбетова Р. Қазақ әліпбиі немесе Байтұрсынұлы емлесі. «Абай-ақпарат» [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/12306> (қаралған күні 15.10.2023)
23. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы. [Электронды ресурс]. URL: <https://tilalemi.kz/article/2091> (қаралған күні 19.08.2023)
24. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2018. – 368 б.

REFERENCES

1. Kuderinova Q.B. Qazaq jazuyunyn tarihy men teoriiasy: Oqu quraly [History and theory of Kazakh writing: textbook]. – Almaty: Eltanym, 2013. – 242 b. [in Kazakh]
2. Sartqojauly Q. Baiyrgy turik jazuy: alfavit jujesi jane fonologiiasy: filol. gyl. dok. ... diss. [Indigenous Turkish writing: alphabet system and phonology: Diss. ... doc. philol. science]. – Almaty, 2008. – 318 b. [in Kazakh]
3. Livshic V.A. O proishojdenii drevnetiurkskoi runicheskoi pismennosti [About the origin of the ancient Turkic runic script] // Sovetskaia tiurkologiya. – 1978. – №4. – S. 90–98. [in Russian]
4. Umarov E.A. Diftongi v orhonskih pamiatnikah [Diphthongs in Orkhon monuments] // Problemy vostokovedeniia. – 2015. – №1 (67). – S. 57–59. [in Russian]
5. Umarov E. O sozdaniii runicheskogo alfavita [About the creation of the runic alphabet] // Problemy vostokovedeniia. – 2013. – №4 (62). – S. 52–55. [in Russian]
6. Umarov E. Oboznachenie vosmi glasnyh chetyrmia runami [The designation of eight vowels by four runes] // Problemy vostokovedeniia. – 2016. – №3 (73). – S. 67–69. [in Russian]
7. Umarov E. Tiurkskaia runika: bukvennoe ili slogovoe pismo [Turkic Runic: letter or syllabic writing] // Problemy vostokovedeniia. – 2017. – №4 (78). – S. 80–82. [in Russian]
8. Jana alipbi negizindegi qazaq tili emlesinin erejeleri [Rules of spelling of the Kazakh language based on the new alphabet] / Red. A. Fazyljanova, Q. Kuderinova. – Astana, 2018. – 30 b. [in Kazakh]
9. Kliashturnyi S.G. K voprosu o proishojdenii drevnetiurkskoi runicheskoi pismennosti. Pismennye pamiatniki i problemy istorii kultury narodov vostoka [On the question of the origin of the ancient Turkic runic script. Written monuments and problems of the history of culture of the peoples of the East]. Tezisy dokladov I godichnoi nauchnoi sessii LO INA. Mart 1965 g. [in Russian]
10. Sherbak A.M. Eniseiskie runicheskie nadpisi. K istorii otkrytiia i izucheniia [Yenisei runic inscriptions. To the history of discovery and study]. Tiurkologicheskii sbornik 1970. – M.: Izd. «Hauka». Glavnaia redakciia vostochnoi literatury, 1970. – S. 111–134. http://www.orientalstudies.ru/rus/images/pdf/journals/p_ts_1970_06_shcherbak.pdf (qaralghan kuni 15.10.2023) [in Russian]
11. Tenishev U.R., V.V. Radlov – fonetist i grammatist [V.V. Radlov is a phonetist and grammarian.]. Tiurkologicheskii sbornik 1971. – M.: Izdatelstvo «Nauka». Glavnaia redakciia vostochnoi literatury, 1972. [Elektrondy resurs]. URL: http://www.orientalstudies.ru/rus/images/pdf/journals/p_ts_1971_04_tenishev.pdf (qaralghan kuni 15.10.2023) [in Russian]
12. Bernshtam A. Socialno-ekonomicheskii stroi Orhono-eniseiskih tiurok VI–VIII vekov. Vostochno-tiurkskiy kaganat i kyrgyzy [The socio-economic system of the Orkhon-Yenisei Turks of the VI–VIII centuries. Eastern Turkic Khaganate and Kyrgyz]. – M.; L.: Izdatelstvo akademii nauk SSSR, 1946. – 193 s. [Elektrondy resurs]. URL: http://www.orientalstudies.ru/rus/images/pdf/add1/TIVAN_45_1946_bernstam.pdf (qaralghan kuni 15.10.2023) [in Russian]
13. Tomsen V. Deshifrovka orhonskih i eniseiskih nadpisei [Deciphering the Orkhon and Yenisei inscriptions] (Perevod s francuzskago: Dechiffrement des inscriptions de l’Orkhon et de l’Ienissei. Notice preliminaire par Vilh. Thomsen.). Zapiski Vostochnago otdeleniia Imperatorskago Russkago arheologicheskago obshestva. Izdavaemyi pod redakciei upravliaiushago otdeleniem Barona V.R. Rozena. TOM VIII. Vypuski III–IV. (C prilozheniem dvuh tablic). – C.-Peterburg: Tipografiia imperatorskoi akademii nauk. Vas. Ostr., 9 lin., № 12. 1894.

- http://www.orientalstudies.ru/rus/images/pdf/journals/ZVORAO_8_1893_1894_33_tomsen.pdf
[Elektrondy resurs]. URL: (qaralgan kuni 15.10.2023) [in Russian]
14. Radloff W. Vergleichende Grammatik der Nördlichen Türksprachen. Erster Theil. Phonetik Der Nördlichen Türksprachen [Comparative grammar of the Northern Turkic languages. First part. Phonetics Of The Northern Turkic Languages]. – Leipzig: T.O. Weigel's verlag, 1882. – 318 p. [Elektrondy resurs]. URL: <https://menadoc.bibliothek.uni-halle.de/publicdomain/content/titleinfo/780488> (qaralgan kuni 15.10.2023) [in German]
 15. Aidarov G., Quryshjanov A., Tomanov M. Kөne turki jazba eskertkishteriniң tili [The language of ancient Turkic written monuments]: universitet pen pedagogtyq instituttardyn filologiiа fakultetterine арналған оқу қуралы. – Алматы: Мектеп, 1971. – 272 b. [in Kazakh]
 16. Kuderinova Q. Turki tilderinin alipbii men emle tarihy: monografiа [The history of the alphabet and spelling of Turkic languages: monograph]. – Алматы: Qazaq tili, 2016. – 336 b. [in Kazakh]
 17. İrfan Tiryaki. Türkiye Türkçesi İçin Çağdaş Türk Damgaları [Contemporary Turkish Stamps For the Turkish Language of Turkey]. [Elektrondy resurs]. URL: <https://bilimdili.com/turkiye-turkcesi-icin-cagdas-turk-damgalari/> (qaralgan kuni 19.08.2023) [in Turkish]
 18. Talat Tekin. A Grammar of Orkhon Turkic. Published by Indiana University, Bloomington Mouton & Co., The Hague, The Netherlands. 1968 y. 419 p.
 19. Talat Tekin. Orhon Yazıtları - Kül Tigin, Bilge Kağan, Tunyukuk [Orkhon Inscriptions – Kul Tigin, Bilge Khagan, Tunyukuk]. – Istanbul, 1998. – 128 s. [in Turkish]
 20. Malov S.E. Pamiatniki drevnetiurkskoi pismennosti. Teksty i issledovaniia [Monuments of ancient Turkic writing. Texts and research]. –M.; L.: Izd. Akademii nauk SSSR, 1951. – 451 s. [in Russian]
 21. Kөne turki jazbalary [Ancient Turkic inscriptions]. [Elektrondy resurs]. URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Kөne_tyrki_zhazbalary (qaralgan kuni 15.10.2023) [in Kazakh]
 22. Imahanbetova R. Qazaq alipbii nemese Baitursynuly emlesi [Kazakh alphabet or Baitursynov spelling]. «Abai-aqparat». [Elektrondy resurs]. URL: <https://abai.kz/post/12306> (qaralgan kuni 15.10.2023) [in Kazakh]
 23. Imahanbetova R. Ahmet Baitursynulynyn til murasy [Akhmet Baitursynov's language heritage]. [Elektrondy resurs]. URL: <https://tilalemi.kz/article/2091> (qaralgan kuni 19.08.2023) [in Kazakh]
 24. Junisbek A. Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. – Алматы: Abzal-Ai, 2018. – 368 b. [in Kazakh]